

«БЕКІТІЛДІ»

Түркістан – Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының 2021 жылғы 11 желтоқсандағы жалпы жиналысымен

ЕРЕЖЕ

Түркістан – Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасына қабылдау үшін аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының (бұдан әрі - Палата) мүшелігіне кіруге үміткерлерді аттестаттаудан өткізу қағидалары Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 83-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттарын және палата мүшелігіне кіруді регламенттейді.

Заң консультанттарын аттестаттау олардың кәсіптік білімінің деңгейін, құқықтық мәдениетін, кәсіптік этика нормаларын сақтауын және заң консультанты қызметімен айналысатын адамдарға қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

2. Аттестаттаудан өтуден босатылады:

1) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан табысты өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 34-бабының 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларда көзделген негіздер бойынша судья өкілеттігін тоқтатқан судьялар;

3) Қазақстан Республикасының заң мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар;

4) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар адамдар;

5) теріс себептер бойынша шығарылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған кезде прокуратура және тергеу органдарынан шығарылған адамдар.

3. Заң консультанттары қажеттілігіне қарай кезекті аттестаттаудан өтеді.

2-тарау. Аттестаттау комиссиясы

4. Аттестаттауды Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен төрт жыл мерзімге сайланған және тұрақты негізде, құрамында 5 (бес) адам болатын аттестаттау комиссиясы өткізеді.

5. Аттестаттау комиссиясының мүшелігіне кандидаттар заң қызметінде кемінде он жыл өтілі бар заң консультанттары қатарынан ұсынылады.

6. Аттестаттау комиссиясының төрағасын Палата мүшелерінің жалпы жиналысы сайлайды.

Қажет болған жағдайда аттестаттау комиссиясының құрамынан төрағаның орынбасарын, сондай-ақ аттестаттау комиссиясының хатшысын оның мүшелері сайлайды.

7. Аттестаттау комиссиясының төрағасы Аттестаттау комиссиясының қызметіне басшылық жасайды.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін оның орынбасары немесе аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бірі атқарады.

8. Аттестаттау комиссиясы, егер оның жұмысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп есептеледі.

9. Аттестаттау комиссиясы өз қызметінде заң консультантының алқалық, аттестаттау жүргізудің объективтілігін және кәсіби қасиеттерін бағалау қағидаттарын басшылыққа алады.

3-тарау. Аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру

10. Аттестаттауға жататын үміткерлерді есепке алуды Палатаның атқарушы басқару органы жүргізеді.

11. Аттестаттауды өткізу және үміткерлердің аттестаттау материалдарын палатаға ұсыну мерзімдерін қажеттілігіне қарай Палатаның атқарушы басқару органы белгілейді.

12. Үміткердің аттестаттау материалы мынадай құжаттарды қамтуы тиіс:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жоғары заң білімі туралы құжат;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- 4) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын құжаттар;

13. Үміткер өтініш берген кезде аттестаттау жүргізу тілін (мемлекеттік немесе орыс) айқындауға құқылы.

14. Құжаттар топтамасы тиісінше ресімделмеген не толық ұсынылмаған жағдайларда өтініш ұсынылған құжаттармен бірге олар комиссияға келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтару себебі туралы хабарлана отырып, үміткерге қараусыз қайтарылады.

15. Үміткердің аттестаттауға жіберу туралы өтінішін (№1 қосымша) комиссия күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Қарау қорытындысы

бойынша комиссия үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

16.Егер үміткер Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

4-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

17.Аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттау комиссиясы аттестаттауды өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы ол өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді. Хабарлама үміткердің электрондық поштасына жіберіледі.

Аттестаттау комиссиясының отырысына келген кезде үміткердің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет.

Аттестаттау өткізуді қажеттілігіне қарай аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

18. Аттестатталатын үміткердің аттестаттау комиссиясының отырысына келуі міндетті.

Аттестаттауды өткізу күні, уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған үміткер аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген және оның тарапынан қандай да бір жазбаша өтініш болмаған жағдайда аттестаттау комиссиясы үміткерді аттестатталмаған деп таниды, ол туралы шешім шығарады (№2 қосымша).

19. Аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген үміткер оған аттестаттау комиссиясы айқындаған күні жіберіледі.

20. Аттестаттау жазбаша нысанда тестілеу нысанында немесе компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып өткізіледі.

21. Аттестаттаудан өтер алдында Комиссия үміткерді аттестаттаудан өткізу тәртібі, үміткерлерді іріктеу рәсімінің ұзақтығы мен мазмұны туралы хабардар етеді.

22. Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге жазбаларды, анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, ұтқыр және өзге де байланыс құралдарын пайдалануына тыйым салынады.

23. Үміткер осы тармақта белгіленген аттестаттаудан өту тәртібін бұзған жағдайда, аттестаттау комиссиясы бұзушылық актісін жасайды.

Аттестаттаудан өту тәртібін бұзуға жол берген үміткерді аттестаттау комиссиясы аттестатталмаған деп таниды, ол туралы шешім шығарады.

24. Тестілеуге арналған сұрақтар тізбесін палата Басқармасы бекітеді. Мәселелердің мазмұны жалпы заң нормалары мен заңнама нормаларын қамтиды: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке

құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы.

Заң консультанттары палатасы палата Басқармасы бекіткен мәселелер тізбесінен тестілердің кемінде үш нұсқасын әзірлейді және бекітеді.

Аттестатталатын үміткерге алпыс сұрақтан және оларға бір дұрыс жауаптың үш нұсқасынан тұратын тест ұсынылады. Тестілеу уақыты 60 минутты құрайды.

25. Дұрыс жауаптарды есептеу аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жазбаша тестілеу нәтижелері бойынша, ал компьютерлік тестілеу нәтижелері бойынша – пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

26. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 45 және одан көп болса, заң консультанты аттестаттаудан өтті деп танылады.

5-тарау. Аттестаттау комиссиясының шешімі

27. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталған жоқ.

28. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы оның мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және ол қабылданғаннан кейін тікелей хабарланады.

29. Аттестаттау комиссиясының жұмысы аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамада көрсетіледі.

Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы аттестатталатын адамға оның электрондық поштасының мекенжайына жіберіледі, түпнұсқасы заң консультанттары палатасында 5 жыл бойы сақталады.

30. Аттестаттау комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

31. Өзіне қатысты аттестаттау комиссиясы "аттестатталмаған" шешім қабылдаған үміткерді заң консультанттары палатасының мүшелігіне қабылдауға болмайды.

6 тарау. Қорытынды ережелер

32. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау қорытындылары туралы осы Қағидаларға № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп жасайды. Есепке аттестаттау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және аттестаттау материалдарымен бірге заң консультанттары палатасына ұсынылады.

33. Аттестаттау комиссиясының есебі Палатаның атқарушы басқару органының ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде қарауына жатады. Палатаның атқарушы басқару органдары қарау нәтижелері бойынша заң консультантының кәсіби біліктілігін арттыру

жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, заң консультанты жұмысының оң тәжірибесін жинақтау және тарату жөнінде шаралар қабылдайды.

34. Осы Қағидалар 2021 жылғы 11 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізіледі.